

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Алматы қаласындағы би студиясы

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл.магистр.лектор

_____ Н.Қ.Қызылбаев
«_____» _____ 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы қаласындағы би студиясы»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған

Смағұл Е.Е

Пікір беруші

Тех.ғыл.канд.қауым.профессор.

Ғылыми жетекші

Тех.ғыл.канд.қауым.профессор

_____ Аубакирова Б.М

_____ Жамбакина З

«_____» _____ 2019 ж.

«_____» _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл.магистр.лектор.

_____ Н.Қ.Қызылбаев
« ____ » _____ 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы _____ Смағұл Ернат Ерланұлы

Тақырыбы _____ Алматы қаласындағы би студиясы

Университет ректорының « 30 » қазан 2018 ж. № 1210-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « ____ » _____ 201 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Алматы қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі - қаңқалы, тұтас құймалы темірбетоннан, іргетас - темірбетонды, қабатаралық жабын – тұтас құймалы темірбетонды плита, сыртқы қабырға - кірпіштен

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1.Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау; 2.Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру ; темірбетон элементтерінің есебі және оларды құрастыру;ұстындарға қажетті арматура тағайындау; іргетасқа қажетті арматура тағайындау 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлім: жұмыстар көлемін анықтау, жұмыстардың еңбек сыйымдылығы және машина-кезек санын есептеу, монтаждау кранын таңдау, монтаждау жұмыстарының техкартасын құру, құрылыстық бас жоспарды және құрылыстың күнтізбелік жоспары құрастыру; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария; 4.Құрылыс экономикасы бөлім: жергілікті және объектілік сметаларды жасау; 5.Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 3 парақ;

2. Ұстын және іргетастың арматуралануы, спецификациялар - 1 парақ;

3.Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 4 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1.ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы, Алматы, 2011; 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 Құрылыс жылутехникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2012

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	18.02-01.03.2019 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	18.03-29.03.2019 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы	03.04-15.04.2019 ж	
Экономикалық бөлім	15.04-19.04.2019 ж	
Антиплагиат, нормоконтроль, алдын – ала қорғау	19.04-29.04.2019 ж	
Қорғау	29.04-25.05.2019 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	Жамбакина З , техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Есептік-конструктивтік бөлім	Жамбакина З , техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім	Жамбакина З , техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Құрылыс экономикасы бөлім	Жамбакина З , техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Тіршілік әрекет қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Жамбакина З , техн. ғыл. канд, қауым. проф		
Норма бақылаушы	Н.В. Козюкова, Тех.ғылым.магистр-лектор.		

Ғылыми жетекшісі _____ Жамбакина З ,
(қолы)

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы _____ Смағұл Е.Е
(қолы)

Күні «__ __» _____ 201__ ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның тақырыбы: «Алматы қаласындағы би студиясы»

Жоба кіріспеден, сәулеттік-құрылыстық, есептік-конструктивтік, құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру, құрылыс экономикасы, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдерінен және қорытынды мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлімінде бетон жұмыстарының техкартасы, күнтізбелік жоспар, құрылыстың бас жоспары орындалған, еңбекті қорғау кезіндегі ұйымдастырылатын шаралары қарастырылған

Құрылыс экономикасы бөлімінде құрылыстың өзіндік құнын есептеу орындалған.

АНОТАЦИЯ

Тема дипломного проекта: «Студия танца г. Алматы».

Проект состоит из введения, архитектурно-строительного, расчетно-конструктивного, технология строительного производства и организация, охраны труда и окружающей среды, а также заключения и списка литературы.

Исходными материалами для выполнения дипломной работы служили природно-климатические, инженерно-геологические условия района строительства, паспорт объекта, техусловия.

В разделе технологической части проекта и охрана труда разработаны: календарный план производства работ; стройгенплан; тех.карта; обоснованы методы производства работ, рассмотрены вопросы охраны труда и промышленной экологии при производстве работ.

В разделе экономика строительства произведен расчет себестоимости строительства.

ANNOTATION

Theme of the degree project: "Dance studio in the city of Almaty".

Project consist of introduction sections: architectural – building calculation-constructive technology and organization, economic, labour safety and environment and also conclusion and of the literature.

In a technological part of the project are developed: the planned schedule of manufacture of works; building general plan; methods of manufacture of works are proved. In section a labour safety and environment questions of a labour safety and industrial ecology are considered by manufacture of works.

In section building economy calculation of the cost price of building is made.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	7
1	Сәулеттік-құрылыстық бөлімі	8
1.1	Құрылыс аумағының сипаттамасы	8
1.2	Ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімі	10
1.3	Сәулеттік-конструктивтік шешімдер	11
1.4	Жылу техникалық есептемесі	12
1.5	Антисейсмикалық шаралар	15
2	Есептік-конструктивтік бөлімі	16
2.1	Іргетас есебі	16
3	Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыруы бөлімі	20
3.1	Жер жұмыстары	20
3.2	Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарын таңдау	23
3.3	Мұнаралық кранды таңдау	26
3.4	Бетон тасушы машиналардың санын анықтау	27
3.5	Объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау	28
3.6	Күнтізбелік жоспары	32
4	Құрылыс экономикасы бөлімі	34
4.1	Объектіге сметалы құжат	34
5	Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі	35
5.1	Еңбекті қорғау	35
5.2	Қауіпсіз еңбек қызметтірін қамтамасыз ету бойынша шаралар	35
5.3	Өртке қарсы шаралар	36
	ҚОРЫТЫНДЫ	37
	ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	38
	А қосымшасы	40
	Б қосымшасы	44

КІРІСПЕ

Құрылыс мемлекетіміздің халық шаруашылығындағы ең маңызды салалардың бірі және істеп тұрған негізгі қорлардың кеңеюін, қайта жаңғыртылуы мен жаңалануын қамтамасыз етеді.

Күрделі құрылыстың өндірістің барлық салаларының дамутуда, қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыруда, материалдық және мәдени жағдайдың деңгейін көтеруде ролі ерекше.

Қазіргі таңдағы құрылыс өте күрделі жұмыстар кешенінен тұрады. Қазіргі таңдағы экономика заңы бір жағынан кейбір жұмыстардың синхронды болуын талап етеді, ал ол еңбекті тек ғылыми деңгейде ұйымдастыру жағдайында ғана жүзеге асырылады.

Ұйымдастырудың негізгі түрі бірыңғай нормалар мен өндірісті ұйымдастыруды жобалау ережелері, құрылысты басқару мен жоспарлау жүйесі болып табылады. Жұмыс көлемінің өсуі, объектілердің күрделілігі бүгінгі таңда басқарудың әдістерін жетілдіруді талап етіп отыр. Негізгі әдістердің бірі – ол тармақты график әдісі. Бұл әдіс өндірісті ұйымдастыру мен жоспарлауда ең тиімді әдістердің бірі.

Тұрғызылып отырған кешендердің көлемі мен қуатының және оларға қойылатын талаптардың өсуі, құрылыс мерзімін қысқарту, құрылыс сапасының деңгейін жоғарылату, ғимараттың құрастырылуының деңгейін көтеру, құрылыс ұйымдарының жоғары технологиялы машина және механизмдермен жабдықталуы, жаңа технологиялы материалдар мен конструкцияларды енгізу, құрылысқа арнайы мамандандырылған ұйымдарды тарту құрылыс өндірісін ұйымдастыру мен жоспарлау бойынша тиімді шешімдерді қабылдауда жеке координациялық жұмыстардың қажеттілігін туындатады.

Прогрессті технологиялық процесс әкімшілік, өнеркәсіптік ғимараттардың көлемдік – жоспарлау, сәулетті – эстетикалық және конструктивтік шешімдердің сапасын жоғарылатуды талап етеді. Күрделі құрылыстың өндірістік сала ретінде ролінің өсуі осымен де анықталып отыр. Оның орталықтандырылған маңызды міндеттерінің бірі Қазақстан республикасының өндірістік потенциалының мүлдем жаңартылған негізде өсуін қамтамасыз ету. Күрделі қаржыландыру тиімділігін арттыру өте күрделі мәселе. Бұған бағыты, құрылымы және орналастыру бойынша ұтымды шешімдер, сондай – ақ құрылыс объектісін негізделген таңдаумен қатар жобалық шешімдердің дамытудың жоғары деңгейлілігі кіреді. Сонымен көп қырлы кешенді ғылыми – техникалық бағдарлама жасалған және алдыңғы бесжылдықта бірыңғай циклда «ғылым – жобалау – тәжірибелі – экспериментальды тексеру - өндіріс» кезеңіне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

1 Сәулеттік-құрылыстық бөлімі

1.1 Құрылыс ауданының сипаттамалары

Біздің жобамызда ауданы 2200м² би студиясы.

Қолданылатын аймағы –Қазақстан Республикасының Алматы қаласы - құрылыстың климаттық ауданы - III В [1]

- сыртқы ауалық есептік орташа ең суық тәулік температурасы -28⁰ С[1]
- сыртқы ауалық есептік ең суық бес күндік температурасы -21⁰ С[1]
- ғимараттың жауапкершілік класы- II [2]
- өртке төзімділік деңгейі- II [3]
- желдің жылдамдығы мен қайталануы - 38 кгс/м² [2]
- қар жүктемесі- 0.7 кПа

Шарты белгі ретінде 0.000 деңгейіндегі ғимараттың бірінші қабатының таза едені қабылданған. Бұл белгі бас жоспарда 907,6 абсолютті деңгейге сәйкес келеді.

Сыртқы ауаның есептік температурасы.

- Ең суық бес күндік t_n^5 -21⁰ С[1]
- Ең суық тәуліктегі t_n^c -28⁰ С[1]


Қар салмағы немесе қар жауу қалыңдығы 70 кгс/м², [18] таблица –4

-Жердің тоңу деңгейі 170 см

-Желдің жылдамдығы мен қайталануы –38 кгс/м² [18] таблица –5

Кесте 1.1 - Жел-раушанын есептеу кестесі

Бағыттар	С	С Ш	Ш	ОШ	О	ОБ	СБ	Б
Жарық айлары								
Қаңтар	9	6	9	34	11	13	6	12
Шілде	24	14	7	24	6	6	6	13



Сурет 1.1 - Жел раушаны

Ғимараттардың типтік талаптарын анықтайтын табиғи-климаттық факторларды ескеру қажет. Жазда ғимаратты жылу өтуден, ал қыста жылуды сақтау шаралары жасалынады.

Ғимарат жайында түсінік:

- Ғимарат классы –II
- Өртке қарсы төзімділік дәрежесі –II
- Ғұмырлық ұзақтық дәрежесі-II

Құрылыс ауданының климаты

Алматы климаты континенттік. Ең ыстық айлар — Шілде, Тамыз. Ең суық ай — Қаңтар. Орташа жылдық температурасы 10°C құрайды, қаңтардың орташа температурасы шамамен -4.7°C , ал шілдеде $+23.8^{\circ}\text{C}$. Үсіктер қараша айында басталып, сәуірде аяқталады. Қатты аяздар 67 күн болады — желтоқсаның 19-і басталып, ақпанның 23-і аяқталады. Ыстық күндер температурасы 30°C дейін — 36 күн болады. Жылда 600-650 мм жауын-шашын болады.

1.2 Көлемдік-жоспарлық шешімдері

Би студиясының кешенінің көлемдік жоспарлау шешімдері объектінің функционалдық-технологиялық шартын және қажетті бөлмелер құрамын ескере отырып қабылданған. Кешен негізінен екі бөліктен тұрады:

- Би студиясы ;

- Қосалқы бөлігі;

Секциялар 64×42м болып келеді.

Ғимараттың қабат биіктігі- 3,3 м .

Ғимарат биіктігі – 47,5м.

Адымы – 3.5, 6.3.1,8м

Аралығы – 4.5м.

Жоба бойынша бірінші қабатта төмендегі бөлмелер бар: холл, буфет, қыздар және ерлер дәретханасы, медициналық бөлме, бильярд, болдинг және шаруашылық заттарға арналған бөлмелері бар.

Екінші қабатта: жастарға арналған демалыс бөлмесі, ерлер мен әйелдер жуынатын (душ) және киім ауыстыратын бөлмелерімен қатар бастықтың бөлмесі жобаланған.

Ал,жертөлесінде:қызметшілер бөлмесі,азық-түлік қоймасы, жұмысшыларға арналған (душ) және киім ауыстыратын бөлмелер, қыздар және ерлер дәретханасы бар.

Көлемдік жоспарлау көрсеткіштері:

- Құрылыс ауданы –3929,3 м²;

- Жалпы ауданы – 9045,9м²;

- Жұмыс ауданы – 1420,54 м².

Ғимараттың сыртқы фасады жоғарғы сатысы сылақ пен әрлеу және ақшыл-сарғыш түсті фасадқа арналған бояулармен сырланады. Ал іргетас бөлігі керамикалық плиталармен қапталады. Жоғарғы карниз бөлігі қызғылт түсті металл черепицамен қапталады. Фасадтағы шығын тұрғын темірбетон элементтері құм цемент ерітіндісімен жасалып , артынан немесе органикалық әктүсті бояумен сырланады. Ұсталық бұйымдар майлы бояулармен сырланады. Витраждағы қара металдан дайындалған және әйнектелгеннен кейін алюминий ұнтағы араласқан бояулармен сырланады.

Ішкі қабырғалар сапасы жоғары сылақпен өңделеді, қажетті жерлер глазурлы керамикалық плиталармен қапталады. Аспалы төбе вестибюль, фойе, холл, буфет -металл қаңқаға бекітілген плиталармен қапталады.

1.3 Сәулеттік - конструктивтік шешімдер

Қаңқа

Қазіргі кезде құрылыста негізінен монолитті темір-бетон қаңқалары қолданылады, қаңқадағы конструктивтік элементтер белгілі бір жүйеге келтірілген.

Жобаланып отырған ғимарат іргетасы плиталы монолитті темірбетоннан жасалынған. Бетон класы В25 болатын тұтас құймалы темірбетонды плита.

Қаңқа ұстындары монолитті темір-бетоннан жасалынған. Темір-бетон конструкцияларындағы ұстындар ғимараттың көлемдік жобалау шешімдеріне, тікелей байланысты. Олардың өлшемдері 400х400мм.

Жабын монолитті темір-бетоннан жасалынған, оның қалыңдығы 200мм.

Қаңқаның кеңістік қатаңдығы мен орнықтылығын диафрагма қаттылығымен қамтамасыз етіледі.

Ғимарат есептелуі автоматтандырылған программа «Лира 9.6» пен орындалды.

- Іргетасы–стакан типтес құрастырмалы іргетас блоктары мен плиталарынан түзелген.

-Контурлы конструкция ретінде ұзындығы 6 м контурлы арқалықтар.

-Жабын ретінде үш түрлі жабын плиталары қолданылады, яғни 1П6-1, 2П6-1, 4П6-1 маркалы .

Жабын плиталары сыртқы және өзінен түсетін күштерді периметрі бойынша ғана контурлы арқалыққа, содан ұстындарға түсіреді. Жабындар бір-бірімен арқалықсыз мықтап бекітіледі.

Қосалқы бөліміне төмендегідей конструкциялық шешімдер қолданыс тапқан:

-Іргетасы- біртұтас құймалы бетонан.

-Қабырғалары – Жеңіл бетонды блок

-Жабыны- біртұтас құймалы жабын, үстінен –будан, жылудан, судан оқшаулағыш қабаттар орнатылған.

Терезелер


Терезелер мен сөрелер ғимараттың жанға жайлылығын анықтайды және оның сәулетті – көркем шешімі. Терезелер мен сөрелер бөлмелердің жарықтандыру аудандарына байланысты алынады. Терезелердің биіктігі төбеге максималды жақын орналасуы бөлменің жақсы жарықтандыруын қамтамасыз етеді.

Баспалдақтар

Баспалдақтар-темірбетон монолитті В30 бетон классынан, керамикалық плиткамен төселген.

1.4 Қоршау конструкцияларының жылу-техникалық есебі

- Құрылыс орны – Алматы қаласы
- Климаттық ауданы–ҚР2.04-01-2001ж.ҚНЖЕ“Құрылыс климатологиясы”,
- Ылғалдық аймағы /қосымша 1. .ҚНЖЕ-ІІ-01-2001*/ қалыпты
- Пайдалану жағдайы /қосымша 2/-А₁А¹
- Ішкі ауаның температурасы –15⁰С
- Сыртқы ауаның қыстық есептік температурасы СНИП 2.04-01-2001*бойынша; $t_c^n = - 35^0C$;



Сурет 1.2-Сыртқы қабырға көрінісі

Кесте 1.4 - Материалдардың жылу техникалық сипаттамалары

		Материалдардың аты	δ	λ
Қабырға	.	Цемент-құм қабаты	0,02	0,93
		Жеңіл бетонды блок	t_x	
		Цемент –құм қабаты	0,02	0,93
		Пенополистирол	0,12	0,038

Есептеу әдісі

Қоршағыш конструкциялардың жылу беруге қажетті мәнін анықтаймыз

$$R_o^{mp} = \frac{n(t_g - t_n)}{\Delta t \cdot \alpha \beta}; \text{ м}^2 \text{ с} / \text{Вт} \quad (1.1)$$

мұндағы n - конструкцияның сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты алынатын коэффициент (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, 3 кесте)

t_H - сыртқы ауаның қыстық есептік температурасы

t_i –ішкі ауаның температурасы

Δt -температураның ауытқуының нормативтік мәні (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, 2-кесте)

$\alpha \beta$ -қоршаушы құрылымдардың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті. (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, 4- кесте)

Қоршағыш құрылымның жылу таратуға кедергісін R_o –келесі формуламен анықтаймыз.

$$R_o = \frac{1}{\alpha_H} + R_k + \frac{1}{\alpha_{в}}; \text{ м}^2 \text{ с} / \text{Вт} \quad (1.2)$$

мұндағы R_k -қоршаушы құрылымның жылулық кедергісі.

$$R_k = R_1 + R_2 + R_3 \quad (1.3)$$

Көп қабатты қоршаушы құрылымның қабаты қорғаушы құрылымның жылулық кедергісі R - келесі формуламен анықталады.

$$R = \frac{\delta}{\lambda}; \quad (1.4)$$

мұндағы δ - қабат қалыңдығы.

λ - 3*-қосымшаға сәйкес алынатын қабат материалы жылу өткізгіштігінің есептік коэффициенті

а) Қабырға

$$R_o^{mp} = \frac{n(t_g - t_n)}{\Delta t \cdot \alpha \beta} = \frac{1(15 + 21)}{4,5 \cdot 8,7} = 0,91 \text{ м}^2 \text{ с /Вт}$$

мұндағы $n = 1$; $\alpha_B = 8,7$; $t_n = 21^\circ \text{C}$; $t_g = 15^\circ \text{C}$; $\Delta t = 4,5^\circ \text{C}$;

R_o -нақты мәнін анықтаймыз

$$R_o = \frac{1}{\alpha_H} + R_k + \frac{1}{\alpha_B} = \frac{1}{8,7} + 0,763 + \frac{1}{23} = 0,92 \text{ м}^2 \text{ с/Вт}$$

мұндағы $\alpha_B = 8,7$; $\alpha_{H8} = 23$.

$$R_k = R_1 + R_2 + R_3 + R_4 = 0,021 + 0,35 + 0,021 + 0,35 + 0,021 + 3,15 = 1,763 \text{ м}^2 \text{ с/Вт}$$

$$R_2 = R_{21} + R_{22} + R_{23} = \frac{0,065}{0,65} + 0,15 + \frac{0,065}{0,65} = 0,35$$

Көп қабатты қоршаушы құрылымның қабаты қорғаушы құрылымның жылулық кедергісі R - келесі формуламен анықталады.

$$R = \frac{\delta}{\lambda} = \frac{0,02}{0,93} = 0,021 = R_1 = R_3$$

$R_o \leq R_o^{mp}$; $0,91 \leq 0,92$ шарт орындалды, демек сыртқы қабырғаның жалпы қалыңдығы 440мм

$$R_o^{mp} = \frac{n(t_g - t_n)}{\Delta t \cdot \alpha \beta} = \frac{1(15 + 21)}{4,5 \cdot 8,7} = 0,91 \text{ м}^2 \text{ с /Вт}$$

мұндағы $n = 1$; $\alpha_B = 8,7$; $t_n = 21^\circ \text{C}$; $t_g = 15^\circ \text{C}$; $\Delta t = 4,5^\circ \text{C}$;

R_o -нақты мәнін анықтаймыз

$$R_o = \frac{1}{\alpha_H} + R_k + \frac{1}{\alpha_B} = \frac{1}{8,7} + 0,763 + \frac{1}{23} = 0,92 \text{ м}^2 \text{ с/Вт}$$

мұндағы $\alpha_B = 8,7$; $\alpha_H = 23$;

1.5 Антисейсмикалық шаралар

Ғимаратты жобалау кезінде көлемдік – жоспарлық, конструктивтік шешімдерді симметриялық, және массаның біртекті таралуын қамтамасыз ететіндей етіп жобаланды. Және де оның жоспармен, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген. ҚнЖЕ Сейсмикалық аудандар 9 баллдық құрылыс алаңы

Ғимараттың негізгі жүккөтеретін материалы монолитті темірбетон. Материал сейсмика жүктемесіне берікті, орнықты.

Қаңқаның конструктивтік жүйесі бірнеше рет статикалық анықталмаған. Осындай конструктивті жүйелер сейсмикаға орнықты болады. Қаңқаның негіз бөлігі, және түйіндерін қосу, конструкциялау жер сілкінісі кезде бірге жұмыс жасайтындай етіп орындау керек.

Жүккөтеретін элементтердің қосу түйінін максималды кернеуден тыс жерде қосу керек.

Ғимаратты сейсмика кезінде орнықтылығы мен беріктілігін диафрагма қаттылығы қамтамсыз етеді. Диафрагма қаттылығы ғимараттың жоспары бойынша симметриялы орналысқан. Ғимаратта қалыңдығы 200мм, 400мм диафрагма қаттылықтары бар.

Ғимарат топырағының сейсмикалығы 2 топқа жатады. Топырақ түрі құмдақ. Ғимарат салу процесі кезінде ғимарат негізінің қасиеттерін көтеретін арнайы инженерлік шаралар өткізуге болады.

2 Есептік-конструктивтік бөлімі

2.4 Ұстынға қажетті арматура тағайындау

Есептік жүктемелерге байланысты тік күштеулерді анықтау

$$6 \times 6 = 43.56$$

$$\gamma_n = 0.95 \quad 37.8 \cdot 19.8 \cdot 0.95 = 711$$

$$\text{Ригельден } \frac{43}{3} \cdot 19.8 = 284$$

$$(0.3 \times 0.3 \quad l = 4.8 \text{ м}, \quad p = 2500 \text{ кг/м}^3 \quad \gamma_f = 1.1$$

$$G = 711 + 283.8 = 995 + 38.3 = 1033.3$$

Уақытша жүктеме бірқабатты аражабыннан

$$\gamma_n = 0.95 \quad Q = 3.0 \cdot 19.8 \cdot 0.95 = 56.43 \text{ кН}$$

$$5 \cdot 19.8 \cdot 0.95 = 94 \text{ кН}$$

$$\text{Ригельден} \quad 284 \text{ кН}$$

$$G = 94 + 284 + 38.3 = 416.3$$

Уақытша жүктеме – қардың I ауданыа байланысты сенімділік коэффициенті

$$\gamma_f = 1.4 \quad \gamma_n = 0.95$$

$$Q = 1 \cdot 1.4 \cdot 19.8 \cdot 0.95 = 26.3 \text{ кН}$$

$$N = 416.3 + 284 + (1033 + 56) \cdot 2 = 2878$$

$$N = 2878 + 26.3 = 2904$$

$$N = 2878 + 1033 + 56 = 3967$$

$$N = 3967 + 26.3 = 3993$$

Есептік жүктемелерге байланысты иілу моментін анықтау

$$k_1 = 1.2k = 1.2 \cdot 4.8 = 5.76$$

$$M_{21} = (\alpha \cdot g + \beta \cdot v) = -(0.10 \cdot 280 + 0.062 \cdot 280) \cdot 6.6^2 = -1977$$

$$M_{23} = -(0.0091 \cdot 280 + 0.03 \cdot 280) \cdot 6.6^2 = -475$$

Толық жүктеме кезінде

$$M_{21} = -1977 - 0.062 \cdot 38.3 \cdot 6.6^2 = -2080 \text{ кНм}$$

$$M_{23} = -475 - 0.03 \cdot 38.3 \cdot 6 = -525 \text{ кНм}$$

$$\Delta M = 1977 - 475 = 1502 \text{ кНм}$$

$$\Delta M = 2080 - 525 = 1555 \text{ кНм}$$

Бірінші қабаттағы ұстынның ию моменті

$$M = 0.6 \cdot \Delta M = 0.6 \cdot 1502 = 901 \text{ кНм}$$

$$M = 0.6 \cdot \Delta M = 0.6 \cdot 1555 = 933 \text{ кНм}$$

Ригельдің аралығы бойынша жүктемелерді қолданамыз

$$M = (0.10 - 0.091) \cdot 280 \cdot 6.6^2 = 109 \text{ кНм}$$

Бірінші қабат үшін

$$M = 0.6 \cdot 109 = 65 \text{ кНм}$$

Толық жүктеме үшін

$$\Delta M = (0.10 - 0.091) \cdot 284.4 \cdot 6.6^2 = 111 \text{ кНм}$$

Бірінші қабат үшін

$$M = 0.6 \cdot 111 = 66 \text{ кНм}$$

Ортаңғы ұстынның беріктік есебі

$$\xi > \xi_R \quad A_s = A_s'$$

Бетон мен арматураның беріктік мінездемелері

В25- бетон класы; арматура-К-7

$$N_{\max} = 4000 \text{ кН} \quad N_c = 3967 \text{ кН}$$

$$M = 44 \text{ кНм} \quad M = 44 \text{ кНм}$$

$$M_{\max} = 622 \text{ кНм} \quad M = 601 \text{ кНм}$$

$$1+2;$$

$$N = 4000 - 56.43/2 = 3972 \text{ кН}$$

$$N = 3967 - 56.43/2 = 3939 \text{ кН}$$

Симметриялық арматуралардың қималарын таңдап алу

$$A_s = A_s'$$

$$h_0 = h - a = 30 - 4 = 26 \text{ см} \quad b = 30 \text{ см}$$

$$e_0 = M/N = 6220/3972 = 1.6 \text{ см}$$

$$e_0 = h/30 = 30/30 = 1$$

$$e_0 = l_{\text{фим}}/600 = 480/600 = 0.8 < 1$$

$$M_1 = M_1 + N_1(h/2 - a)$$

$$M_1 = 622 + 3972 \cdot 0.11 = 1059 \text{ кН}$$

$$M_1 = 601 + 3939 \cdot 0.11 = 1034$$

$$l_0 = 480/8.6 = 56 > 14$$

$$\text{ауыр бетон үшін } \varphi_e = 1 + M_{I1}/M = 1 + 1034/1059 = 1.9$$

$$\delta = \frac{e_0}{h} = \frac{1.9}{30} = 0.065 < \delta_{min} = 0.5 - 0.01 \cdot \frac{l_0}{h} - 0.01 \cdot R_b$$

$$= 0.5 - 0.01 \cdot \frac{480}{30} - 0.01 \cdot 19.5 = 0.19$$

$$\alpha = \frac{E_s}{E_b} = 5 \cdot \mu_1 = \frac{2A_s}{A} = 0.025$$

$$N_{c2} = \frac{6.4 \cdot 34500 \cdot 30 \cdot 30}{480^2} \cdot \left[\frac{8.6}{1.9} \cdot \left(\frac{0.11}{0.1 + 0.19} + 0.1 \right) + 5.2 \cdot 0.025 \cdot 11^2 \right]$$

$$= 30385 kH$$

$$\eta = \frac{1}{\left(1 - \frac{N}{N_{c2}}\right)} = \frac{1}{\left(1 - \frac{3972}{30385}\right)} = 1.16$$

$$e = e_0 \cdot \eta + \frac{h}{2} = 1.6 \cdot 1.16 + \frac{30}{2} - 4 = 13 \text{ см}$$

$$\xi_R = \frac{0.71}{\left[1 + \frac{1080}{500} \left(1 - \frac{0.71}{1.1}\right)\right]} = 0.4$$

$$w = 0.85 - 0.008 \cdot 0.9 \cdot 19.5 = 0.71$$

$$3972000$$

$$\alpha_n = \frac{3972000}{0.9 \cdot 19.5 \cdot 30 \cdot 26(100)} = 2.9 > \xi_R = 0.4$$

$$\xi = \frac{2.9(1-0.4) + 2 \cdot 3.3 \cdot 0.4}{1 - 0.4 + 2 \cdot 3.3} = 0.61 > 0.4$$

$$\alpha_s = \frac{2.9 \left(\frac{13}{26} - 1 + \frac{2.9}{2} \right)}{1 - 0.154} = 3.3$$

$$\delta' = \frac{a'}{h_0} = \frac{4}{26} = 0.154$$

$$A_s = A'_s = \frac{3972000}{1080(100)} \cdot \frac{\frac{13}{26} - 0.61 \cdot \frac{1 - \frac{0.61}{2}}{29}}{1 - 0.154} = 367 \cdot 0.4 = 15.4 \text{ см}^2$$

$$\sin^2 \theta = \frac{h^2}{h^2 + l_1^2} = 45^2 / (45^2 + 30^2) = 0.69$$

$$R_{bt} = 1.3$$

$$Q = 320 \cdot 10^3 < 515 \cdot 10^3 \text{ кН}$$

$$M = Q \cdot a = 1060 \cdot 0.15 = 159 \text{ кНм}$$

$$S = 0.8 \quad A_s = \frac{1.25 \cdot M}{R_s \cdot \xi \cdot h_0} = \frac{1.25 \cdot 159 \cdot 10^4}{1080 \cdot 0.9 \cdot 42(100)} = 4.8 \text{ см}^2$$

$$4\emptyset 12 \quad A_s = 5.09 \text{ см}^2$$

Ұстын арматурасының конструкциясы

$$\emptyset 25 \rightarrow \emptyset 16 \text{ К7 } S = 300\text{мм } b = 300\text{мм}$$

$$20 \cdot d = 20 \cdot 32 = 640\text{мм}$$

2.5 Іргетас есебі

Ұстын қимасы 30x30 см

$$1) N=4000 \text{ кН} \quad M=44/2=22\text{кНм}$$

$$l_0 = \frac{220}{4000} = 0.1\text{см}$$

$$2) N=3972 \text{ кН} \quad M=44/2=22\text{кНм}$$

$$e_0 = 0,1$$

$$N_{\Pi}=4000/1,15=3478 \text{ кН}$$

$$R_0=0.25\text{МПа} \quad \gamma_{b2}=0.9 \quad B12.5 \quad R_{bt}=0.66\text{МПа}$$

$$\text{АІІ} \quad R_s = 280\text{МПа} \quad \gamma_{b2} = 20\text{кН/м}^3$$

$$H=90\text{см} \quad H_1=105\text{см}$$

$$A = \frac{N}{R_0 \cdot \gamma \cdot H_1} = \frac{3478 \cdot 10^3}{0.25 \cdot 10^6 \cdot (20 \cdot 1.05) \cdot 10^3} = 15.2\text{м}^3$$

$$a = \sqrt{15,2} = 3,8\text{м} \quad a = 3,9\text{м} \quad (0,3 - \text{ке еселі})$$

$$P = \frac{N}{A} = \frac{4000}{3.9 \cdot 3.9} = 263\text{кН/м}^2$$

$$h_0 = -\frac{0.3 + 0.3}{4} + \frac{1}{2} \sqrt{\frac{4000}{0.9 \cdot 0.66 \cdot 10^3 + 0.263}} = 1.14$$

$$h_0 = -0.25(h_c + b_c) + 0.5 \sqrt{\frac{N}{(R_{bt} + p)}}$$

$$H = 114 + 4 = 118\text{см}$$

$$H = 1.5 \cdot h_{\text{ҮСТ}} + 25 = 1.5 \cdot 30 + 25 = 70\text{см}$$

$$\emptyset 32 \text{ К7 В35 } H = 24d + 25 = 24 \cdot 3.2 + 25 = 102\text{см}$$

$$H=100\text{см} \quad h_0 = 100 - 4 = 96\text{см}$$

$$h_0 = 30 - 4 = 26\text{см}$$

$$Q = 0.5(a - h_{\text{ҮСТ}} - 2h_0)p = 0.5(2.4 - 0.3 - 2 \cdot 0.96) \cdot 263 = 24\text{кН}$$

$$C = 2,5h_0$$

$$Q = 0.6 \cdot \gamma_{b2} \cdot R_{bt} \cdot h_0 \cdot b = 0.6 \cdot 0.9 \cdot 0.66 \cdot 26 \cdot 100(100) = 92000 > 24000H$$

$$M_1 = 0.125 \cdot p(a - h_{col})^2 \cdot b = 0.125 \cdot 263 \cdot (3.9 - 0.3)^2 \cdot 2.4 = 1023\text{кНм}$$

$$M_{11} = 0.125 \cdot p(a - a_1)^2 \cdot b = 0.125 \cdot 263 \cdot (3.9 - 0.9)^2 \cdot 2.4 = 710\text{кНм}$$

3 Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыруы бөлімі

Құрылыс жұмыстарын бастар алдында құрылыс алаңын дайындау жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс құрылыс алаңын тазартудан басталады. Алаңда бұзылытын ғимараттарды бұзып, өсіп тұрған ағаштардың бөгет жасайтындарын басқа жерлерге отырғызып, сақталып қалатындарын қор

Негізгі жұмыс кезеңдері ғимараттың жер асты, жер үсті және әрлеу жұмыстарынан тұрады. Құрылыстың жерасты бөлігін нольдік цикл деп атайды. Бұл кезеңде қазан шұңқырды қазу, оны өңдеу, іргетаспен жертеленің қабырғаларын орнату, жертеленің төбежабынын жабумен тағыда басқа жер жұмыстары атқарылады.

Жер үсті жұмыстарына ғимараттың нольдік деңгейден жоғары ғимаратты тұрғызу жұмыстары жатады. Оларға негізінен ғимараттың қабырғаларын тұрғызу, қабатаралық жабын тақталарын жабу жұмыстары мен жер үсті жұмыстарына байланысты басқа да жұмыстар жүргізіледі.

Әрлеу жұмыстары ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары болып бөлінеді. Ішкі әрлеу жұмыстарына бөлмелердің қабырғаларымен төбесін әрлеу, едендерді орнату жұмыстары жатады. Сыртқы әрлеу жұмыстарына ғимараттың сыртқы қабырғаларын сылап-жөндеу мен басқа да жұмыстар жатады.

3.1 Жер жұмыстары

Жер жұмыстарының көлемі

Құрылыс алаңының топырағының мінездемесі.

- Топырақтың атауы – топырақ;
- Топырақтың тобы – I;
- Топырақтың орташа тығыздығы – 2250 кг/м³
- Алғашқы ұнтақталу коэффициенті (Кп.р.) – 1,26;
- Қалдық ұнтақталу коэффициенті (Ко.р.) – 1,07;
- Еңістің коэффициенті (m) – 0,75.

Коэффициентер Кп.р. және Ко.р. ЕНиР 2-1 ден қабылдаймыз.

Еңіс коэффициенті m СНиП 3.01-85 бойынша анықталады.

1) Алынатын өсімдік қабатының ауданы:

$$S = (l + 2) \cdot (b + 2) \quad (3.1)$$

мұндағы l – қазаншұңқырдың бетінің ұзындығы;

b – қазаншұңқырдың ені.

$$S = (41.05 + 2) \cdot (42 + 2) = 1894,2 \text{ м}^2$$

2) Қазаншұңқырдың көлемін табу:

$$V_k = \frac{H_k}{6} [A \cdot B + C \cdot D + (A + C) \cdot (B + D)] \quad (3.2)$$

мұндағы H_k - қазаншұңқырдың тереңдігі; $H_k = 3,05$ м

A – қазан шұңқырдың табаны бойынша ұзындығы;

B – қазан шұңқырдың табаны бойынша ені;

C – қазаншұңқырдың беті бойынша ұзындығы;

D – қазаншұңқырдың беті бойынша ені;

$$A = 2 \cdot d + \frac{b}{2} + \frac{b}{2} + A_0 \quad (3.3)$$

$$B = 2 \cdot d + \frac{b}{2} + \frac{b}{2} + B_0 \quad (3.4)$$

$$C = A + (2 \cdot m \cdot H_k) \quad (3.5)$$

$$D = B + (2 \cdot m \cdot H_k) \quad (3.6)$$

мұндағы $d = 0,5$ м;

b - ғимараттың іргетасының ені

A_0 және B_0 - ғимараттың шеткі осьтері бойынша ұзындығы мен ені.

m - еңістік коэффициенті; $m = 0,75$

$$V_k = 2,4/6[26,8 + 3473 + 12729,5] = 2395,968 \text{ м}^3.$$

1) Кіретін ор (пандус) көлемін анықтау:

$$V_n = \frac{H_k^2}{6} \left(3 \cdot A_n + 2m \cdot H_k \frac{m'-m}{m} \right) (m' - m) \quad (3.7)$$

мұндағы m – қазаншұңқырдың тереңдігіне, топырақтың түріне байланысты топырақтың құлама коэффициенті.

$$m' = \frac{100}{i}; i = 10\%; m' = 10; m = 0.75; A_n = 4.6;$$

$$V_n = \frac{3,3^2}{6} \left(3 \cdot 4.6 + 2 \cdot 0,75 \cdot 3,3 \cdot \frac{10-0.75}{10} \right) (10 - 0.75) = 175,808 \text{ м}^3.$$

2) Қазаншұңқырдың табаның тегістейтін топырақ көлемін анықтау:

$$V_H = F_k \cdot \Delta n \quad (3.8)$$

$$V_H = 268 \cdot 0,2 = 530,86; \quad \Delta n = 0,2 \text{ м}$$

мұндағы F_k – қазаншұңқырдың ауданы;
 Δn – тегістейтін топырақ қалыңдығы.

3) Топырақты қайта көму көлемін анықтау:

$$V_{\text{қк}} = \frac{V_{\text{қ}} - V_{\text{ж}}}{1 + K_{\text{қк}}} \quad (3.9)$$

$$V_{\text{ж}} = F_{\text{к}} \cdot H_{\text{қк}} = 26,8 \cdot 32,8 = 2109,696 \text{ м}^3$$

мұндағы $K_{\text{қк}}$ – топырақтың қалдық қопсыту коэффициенті.

$$V_{\text{қк}} = \frac{2395,968 - 2109,696}{1 + 0,05} = 272,64 \text{ м}^3.$$

4) Топырақты тығыздау ауданын анықтау:

$$F_{\text{т}} = \frac{V_{\text{қк}}}{0,2} \quad (3.10)$$

$$F_{\text{т}} = \frac{272,64}{0,2} = 1363,2 \text{ м}^2.$$

5) Үйіндіге аударылатын топырақ көлемін анықтау:

$$V_{\text{үйн}} = V_{\text{қк}} \quad (3.11)$$

$$V_{\text{үйн}} = 4972 \text{ м}^3.$$

6) Автокөлікке аударылатын топырақ көлемін анықтау:

$$V_{\text{көл}} = V_{\text{қ}} - V_{\text{қк}} \quad (3.12)$$

$$V_{\text{көл}} = 2395,968 - 272,64 = 2123,328 \text{ м}^3.$$

7) Тегістейтін қабат көлемін анықтау:

$$V_{\text{терг}} = h_{\text{терг}} \cdot P_0 \cdot b_0 \quad (3.13)$$

мұндағы $h_{\text{терг}}$ – тегістейтін қабат қалыңдығы;

$h_{\text{терг}} = 0,1 \text{ м}$; P_0 – ғимарат периметрі;

b_0 – ғимарат ені.

$h_{\text{теріс}}$ -тегістейтін қабат қалыңдығы=0.1м

P_0 -ғимарат периметрі $(64+42)*2=96$

b_0 -ғимарат ені

$$V_{\text{теріс}} = 0,1 \cdot 10,32 \cdot 166,8 = 172,1376 \text{ м}^3$$

3.2 Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарын таңдау

Негізгі құрылыс машинасы ретінде қазаншұңқырды қазу үшін бір ожаулы кері күректі экскаватор қолданылады.

Қазаншұңқырдың көлемі бойынша ожаудың сыйымдылығын анықтаймыз.

ЕНиР бойынша таңдалған экскаватор ожауының сыйымдылығына байланысты 2 түрлі маркасын таңдаймыз.

Екі марка бойынша технико-экономикалық жақтарын салыстырамыз.

3.1- кесте-Топырақ көлеміне байланысты ожау сыйымдылығы

Қазаншұңқырдың топырақ көлемі, м ³	Ожау сыйымдылығы, м ³
1	2
500 дейін	0.15
500÷ 1500	0.24 және 0.3
1500÷ 5000	0.5
2000÷ 8000	0.65
6000÷ 11000	0.8
11000÷ 15000	1
13000÷ 18000	1.25
15000 кейін	1.5

$\frac{\text{ЕНиР-2-1-1}}{\text{БНЖБ}}$ бойынша ожау сыйымдылығы; $V_{\text{ож}}=0.5$ және 0.65

I Механикалық жетекпен – ЭО-3311

$$V_{\text{ож}}=0.25\text{м}^3$$

II Гидравликалық жетекпен ЭО-2621

$$V_{\text{ож}}=0.3\text{м}^3$$

$$\Sigma \Pi_{\text{маш.ауыс}} = (V_{\text{үйінд}} \cdot \frac{N_1}{100} + V_{\text{көлік}} \cdot \frac{N_2}{100})/8.2 \quad (3.14)$$

мұндағы N_1 -топырақты үйіндіге аударғандағы экскаватордың уақыт мөлшері;

N_2 -топырақты автосамосвалдарға аударғандағы экскаватордың уақыт мөлшері;

- ЭО-3311 механикалық жетек: $N_1 = 3,8$ $N_2 = 4,8$

- ЭО-2621 гидравликалық жетек: $N_1 = 3,3$ $N_2 = 4,2$

Механикалық:

$$\sum P_{\text{маш.ауыс}} = (4972 \cdot \frac{3,8}{100} + 2123,328 \cdot \frac{4,8}{100}) / 8,2 = 35,47$$

Гидравликалық:

$$\sum P_{\text{маш.ауыс}} = (4972 \cdot \frac{3,8}{100} + 2123,328 \cdot \frac{4,2}{100}) / 8,2 = 33,01$$

2. Экскаватордың бір ауысымдағы жұмыс істеу өнімділігі

$$P_{\text{өнім.ауыс}} = \frac{V_{\text{к}}}{\sum P_{\text{маш.ауыс}}}; \quad (\text{м}^3/\text{ауыс}) \quad (3.15)$$

Механикалық экскаватор үшін

$$P_{\text{өнім.ауыс}} = \frac{2395,968}{35,47} = 67,54 \quad (\text{м}^3/\text{ауыс})$$

Гидравликалық экскаватор үшін

$$P_{\text{өнім.ауыс}} = \frac{2395,968}{33,01} = 72,58 \quad (\text{м}^3/\text{ауыс})$$

3. 1м^3 топырақты экскаватормен топырақты өңдеу бағасы:

$$c = 1,08 \cdot c_{\text{м.с}} / P_{\text{өнім.ауыс}} \quad (3.16)$$

$$c_{\text{м.с.м}} = 51,56; \quad c_{\text{м.с.г}} = 41,01$$

$$\text{Механикалық:} \quad c = 1,08 \cdot 72,58 / 203,82 = 0,273$$

$$\text{Гидравликалық:} \quad c = 1,08 \cdot 67,54 / 256,25 = 0,173$$

Қорытынды. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру нәтижесінде, салмағы $m_a = 10\text{т}$ экскаватордың келесі маркасын қолданамыз:

Механикалық экскаватор Э-652; $V_{\text{ож}} = 0,65$.

Есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз

1. Экскаватор ожауындағы топырақтың көлемі:

$$V_{\text{топ}} = V_{\text{ожау}} \cdot \kappa_{\text{тол}} / \kappa_{\text{коп}} \quad (3.17)$$

мұндағы $\kappa_{\text{тол}}$ -ожауды толтыру коэффициенті; $\kappa_{\text{тол}}=1$
 $\kappa_{\text{коп}}$ -қопсыту коэффициенті; $\kappa_{\text{коп}}=0.2$

$$V_{\text{топ}} = 0.65 \cdot 1 / 0.2 = 3,25 \text{ м}^3$$

2. Экскаватор ожауындағы топырақ салмағы

$$Q = V_{\text{топ}} \cdot \gamma \quad (3.18)$$

$$Q = V_{\text{топ}} \cdot \gamma = 3,25 \cdot 1,75 = 5,688 \text{ т}$$

мұндағы $\gamma=1.75$ - топырақ тығыздығы

3. Автосамосвалдарға аударылатын ожау саны:
«КАМАЗ-65115» $m_a=15 \text{ т}$

$$n = \frac{m_a}{Q} \quad (3.19)$$

$$n = \frac{m_a}{Q} = \frac{15}{5,688} = 2,637$$

4. Автосамосвалдарға аударылатын топырақтың көлемі:

$$V = V_{\text{топ}} \cdot n \quad (3.20)$$

$$V = V_{\text{топ}} \cdot n = 3,25 \cdot 2,637 = 8,571$$

5. Экскаватормен топырақты автосамосвалдарға аударылатын уақыты:

$$t_n = V \cdot H_{\text{вр}} \cdot \frac{60}{100} \quad (3.21)$$

$$t_n = V \cdot H_{\text{вр}} \cdot \frac{60}{100} = \frac{8,571 \cdot 4,1 \cdot 60}{100} = 21,08 \text{ мин}$$

25

$$N_{вр} = N_2$$

6. Автосамосвалдардың бір циклде жұмыс істеу уақыты:

$$T_{ц} = t_n + \frac{60L}{V_r} + t_p + \frac{60L}{V_{п}} + t_m \quad (3.22)$$

мұндағы L -топырақты тасымалдау ара қашықтығы ; $L=2$ км

V_r - автосамосвалдардың жүктелген күйіндегі жылдамдығы; $V_r=45$ км/сағ

$V_{п}$ - автосамосвалдардың бос күйіндегі жылдамдығы; $V_{п}=65$ км/сағ

$t_p=0.8$ мин; жүк түсіру уақыты

$t_m=2.2$ мин; қосымша операциялар уақыты.

$$T_{ц} = 21,08 + \frac{60 \cdot 10}{45} + 0,8 + \frac{60 \cdot 10}{65} + 2,2 = 34,41$$

7. Автосамосвалдардың қажетті саны:

$$N = \frac{T_{ц}}{t_n} = \frac{34,41}{21,08} = 1,6 \approx 2$$

Камаз-65115 маркасынан екі машина қабылдаймыз.

3.3 Мұнаралық кранды таңдау

1. Ілмектің көтеру биіктігі

$$H = h_{отм} + 0,5 + h_{кон} + h_{стр} + 1,5 = 40,7 + 0,5 + 0,33 + 4,5 + 1,5 = 47,53\text{м}$$

мұндағы $h_{отм}$ — ғимараттың ең биік белгісі;

$h_{стр}$ — жүк асып қоятын арқан.

2. Жүк көтергіштігі

$$Q = q_{тяж} + q_{гр.пр} = 2,5 + 0,15 = 2,65\text{т}$$

мұндағы $q_{тяж}$ — ғимараттағы ең ауыр элемент

$q_{гр.пр}$ — жүк қармағыш құрал-сайман салмағы

3. Жебенің ұшыуы

$$L = B + 4, 1 + 4, 5/2 - 1, 5 = 44 + 4, 1 + 2, 25 - 1, 5 = 48,85 \text{ м}$$

мұндағы B -ғимараттың ені.

3.4 Бетон тасушы машиналардың санын анықтау

Нысанға бетон қоспасын үздіксіз жеткізу шарттарынан формула бойынша анықтаймыз:

$$N = \frac{K_p \cdot \Pi_{\text{э}}}{\Pi_a} = \frac{0,87 \cdot 84,8}{57,99} = 1,27 \approx 1 \quad (3.19)$$

«КАМАЗ-53213» маркасын таңдаймыз

мұндағы K_p - кранның өнімділік резервін жүргізуші машина ретінде ескеретін коэффициент, ол 0,85-09 шамасында қабылданады.

Π_a - сменадағы бетотасушы машинаның эксплуатациялық өнімділігі, $\text{м}^3/\text{см}$.

Π_a - бетонтасушы машинаның эксплуатациялық өнімділігі мына формула бойынша анықталады:

$$\Pi_a = \frac{60 \cdot V \cdot T \cdot \kappa_b}{T_{\text{ц}}} = \frac{60 \cdot 8 \cdot 8 \cdot 0,82}{54,3} = 57,99 ; \quad (3.20)$$

мұндағы V – бетонтасушы машинаға тиелген бетон қоспасының көлемі, м^3 ;

T – сменның ұзақтығы, сағ ;

κ_b – машинаның уақытқа байланысты пайдаланылу коэффициенті, ол 0,85-09 шамасында қабылданады;

$T_{\text{ц}}$ – көлік циклінің ұзақтығы, мин .

$T_{\text{ц}}$ көлік циклінің ұзақтығы мына формуламен анықталады:

$$T_{\text{ц}} = t_3 + \frac{2L \cdot 60}{V_{\text{ср}}} + t_p = 0,75 + \frac{2 \cdot 11 \cdot 60}{25} + 0,75 = 54,3$$

Кесте 3.3-Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарының қажеттілігі

Аталуы	Түрі, маркасы	Саны
Экскаватор – кері күректі, ожау сыйымдылығы 0,65 М³	Э-652	1
Бульдозер	Д – 170	1
Пневмотегістеу	К – 701	1
50 м жебелі мұнаралы кран	QTZ – 125	1
Терең дірілдеткіш	ИБ – 66	8
Беттік дірілдеткіш	ИБ – 29	4
Дәнекерлеуші трансформатор	ТС – 500	2
Бортты көлік 14тн.	КАМАЗ – 514	2
Автосамосвал ж.к. 15т.	КАМАЗ – 65115	2
Автобетонараластырғыш, КАМАЗ – 53213	КБ-674А	1

3.5 Объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау

Құрылыстық бас жоспар жалпы алаңдық және объектілік болып екі түрге бөлінеді. Біріншісін жобалаушы ұйым жұмыс жобасы деңгейінде құрылысты ұйымдастыру жобасының (ҚҰЖ), ал екіншісін құрылыс ұйымы жұмыс құжаттары деңгейінде жұмыс өндірісі жобасының (ЖӨЖ) құрамында жасайды.

Объектілік құрылыстық бас жоспар жалпыалаңдық құрылыстық бас жоспарға кіретін барлық салынып жатқан үймереттер мен ғимараттарға арналып, бөлек жасалады. Күрделі үймереттер үшін объектілік құрылыстық бас жоспар түрлі кезендерге (даярлық, негізгі, т.б.) және жұмыс түрлеріне (жер жұмыстары, жерасты - жерүсті бөлігін салу, жабын жұмыстары және басқа) арналып жасалуы мүмкін.

Құрылыстық бас жоспарды жасау үшін пайдаланылатын бастапқы құжаттар:

- құрылысты ұйымдастыру жобасының құрамындағы құрылыстық бас жоспар шешімі;
- кешенді торкөзді график немесе жұмыс өндірісінің мерзімдік жоспары;
- технологиялық карталар, үймереттің немесе ғимараттың жұмыс сызбасы.

Объектілік құрылыстық бас жоспарды мердігер немесе оның тапсырмасымен бірлестіктің немесе ведомствоның жобалау-технологиялық ұйымы жасайды.

Құрылыс шаруашылығының уақытша объектілерін орналастыруды құрастыру және жүк көтергіш механизмдерден бастау керек, өйткені құрылыстық бас жоспардың қалған барлық шешімдерінің орындалуы - ең алдымен, солардың қалай орналастырылуына байланысты.

Құрастыру крандары мен жүк көтергіштерді орналастыру мен объектіге байлау, құрылыс алаңындағы жұмыстарды тежеу және қауіпті аймақтарды анықтауға байланысты мәселелерді жұмыс өндірісінің әрбір нақтылы жағдайын, қауіпсіздікті сақтаудың техникалық талаптарын, жұмыс өндірісінің картасын ескере отырып жобалау керек.

Құрастыру крандары жүретін жолдарды, әдеттегідей үймереттің өн бойымен салу қажет. Машиналарды топырағы алынған жерлерде (ор, шұңқыр, қанау және басқаларда) еңістен қауіпсіз қашықтықта пайдалануға рұқсат етіледі.

Объектілер жанындағы қоймалар құрылыс ішіндегі жолдар мен негізгі тасымал магистральдары арқылы жеткізілетін материалдарды түсіріп, қабылдап алуға жеңіл болады деген жерлерге салынады. Құрама құралымдар, материалдар, жартылай шикізаттар қоймалары кран жұмыс істейтін аймақта орналасуы керек.

Қоймаларды орналастыру кезінде өндіріс жұмыстарының технологиялық карталары мен үлгілерінде қабылданған шешімдерді басшылыққа алу керек. Осымен бірге механизмдердің жұмыс істейтін аймағындағы қойма алаңдарының габаритті үлгілерін анықтаумен ғана шектелмей, құрастырудың технологиялық реттілігін есепке ала отырып құрама құралымдардың түрлері мен маркаларына қарай сұрыптап, реттеп орналастыру қажет.

Объекті жанындағы механикаландырылған қойманың ені тиеу-түсіру жұмыстарының параметрлеріне байланысты белгіленеді және ол әдетте 10 метрден аспайды.

Өрт қауіпі бар және шаңтозанды материалдар сақталатын ашық қоймалар басқа үймереттер мен ғимараттардың ық жағына орналастырылады және олардың 20 метрден кем қашықтықта болмауы керек. Барлық қоймалар жол шетінен кем дегенде 0,5 метр жерде орналастырылады.

Құрылыс алаңындағы ішкі құрылыс жолдары қоймалар мен механикаландырылған жабдықтардың жұмысын тоқтаусыз қамтамасыз етуі тиіс. Уақытша жолдардың ені және олардағы қозғалыс қатарының саны автомобиль түрлеріне, жолдардың категорияларына байланысты анықталады және көлік бір бағытта жүрсе жол ені - 3,5 метр, ал екі бағытта жүрсе 6 метр деп қабылданады..

Қоймалар мен құрылыс ішіндегі автомобиль жолдарын орналастырғаннан кейін уақытша құрылыстарды салуға көшеді. Уақытша(негізінен инвентарлық) өндірістік, санитарлық-тұрмыстық, әкімшілік үймереттері жұмысшылардың жұмыс орындарына қауіпсіз және ыңғайлы өткіндермен баруын және үймереттердің өзара тұруын қамтамасыз ететіндей орналасуы қажет. Бұл үймереттерді коммуникацияға қосуға кететін және пайдалану шығындарын азайтуға көмектеседі. Егер жалпыалаңдық құрылыстық бас жоспар бар болатын болса, онда объектілік жоспарда тек салынып жатқан объектіге жалғас территориялардағы уақытша үймереттер, ғимараттар мен жабдықтардың орналасу жағдайы ғана анықталады.

Объектілік құрылыстық бас жоспарында техника қауіпсіздігі талаптары нақтылана түсіп, жұмысқа қауіпті деп қоршалған механизмдер орналасқан және жоғары кернеулі электр желілері өтетін аймақтар, темір жол өткелдері, көлік қозғалысын реттейтін белгілердің қойылған жерлері, тағы басқалар көрсетіледі. Осы сияқты құрылыс шаруашылығының басқа да элементтері анықталады.

Құрылыс алаңындағы әкімшілік – шаруашылық және тұрмыстық бөлмелер

Көктегі жұмысшылар санын есептеу нәтижесінен яғни график бойынша өндіріс жұмысын 1 адамға сәйкес санитарлы-тұрмыстық белердің қажеттілігін орнатамыз.

Құрылыс алаңындағы құрылыс басқару конторасын 31315 серия бойынша тек шектеулі техникалық мамандарға, құрылысқа тікелей қатысты (прораб геодезист) қозғалмалы деп қабылдаймыз.

Ғимараттың санитарлы-тұрмыстық көрсеткіштері «3.4-кестеге сәйкес» ғимаратқа керекті аудандарды анықтауға қажетті мәндер берілген.

Кесте 3.4 - Ғимаратқа қажет аудандар

	Бөлмені қолданушы жұмысшылар саны	Бір адамға келетін ауданы, м ²	Қажетті ауданы, м ²	Қамтамасыз етілуі
Душ-гардероб 80%	10	0,9	9	ГОССД-6
70% ер адам әжетханасы	7	0,09	0,63	5055-7-2
30% әйелдерге арналған әжетхана	3	0,14	0,42	-
Жұмысшылар үшін жылыну және тамақтану бөлмесі 80%	10	0,25	2,5	1129-ОК-12

$$\operatorname{tg} \varphi = \frac{\sum Q_M}{\sum P_M} = \frac{22,1}{25,5} = 0,86$$

$$\cos \varphi = 0,76$$

Жалпы жүктеме

$$\sum S_n = \frac{\sum P_M}{\cos \varphi} = \frac{25,5}{0,76} = 33,5 kBa$$

келтірілмеген шығындарға 10% жалпы жүктемелер

$$S_n \times 0,1 = 33,5 \cdot 0,1 = 3,35 kBa$$

Қажетті қуаттылық

$$P_{TP} = 36,85 \cdot 0,85 = 31,3 kBa$$

0,86 – жүктеменің сәйкес келу коэффициенті.

Құбырды Ø100мм деп қабылдаймыз.

Жалпы жарықтандыру, жұмыс орнын жарықтандыру және күзеттік жарықтандыру үшін қажетті прожектор санын «3.7-кестеге сәйкес» анықтаймыз. Қойма алаңын есептеуі 3.8-кестеде көрсетілген.

Кесте 3.5 - Қойма алаңын есептеу

Аталуы	Өлшем бірлігі	Жалпы қажеттілік $Q_{обц}$	Материалды орналастыру ұзақтылығы	Күн саны	Біркелкі коэффициент α	Бірелкі коэффициент β	Қоймадағы қор $Q_{зап}$	1м ² сақтау нормасы	Қойманың пайдалы ауданы, м ²	Қойма алаңын қолдану коэффициенті	Қоймның толқ ауданы, м ²
Жабын плитасы	м ³	1746	37	2	1,1	1,3	14	0,80	175	0,6	290
Рубероид	м ²	2816	18	3	1,1	1,3	1128	200	30	0,6	48
Витраждар блогы	м ²	182	20	2	1,1	1,3	129	45	5	0,6	8
Есік блогы	м ²	284	20	2	1,1	1,3	51	44	21,5	0,6	35
$S_{пл} = 380 \text{ м}^2$											

Қосымша жұмыс көлемінің ведомосы «3.6-кестеге сәйкес» берілген

Кесте 3.6- - Қосымша жұмыс көлемінің ведомосы

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Белгілері
Уақытша жол орнату	м ²	1920	Қиыршық тасты топырақ
Қоймалау алаңын орнату	м ²	440	Қиыршық тасты топырақ
Уақытша кабель орнату	м.п.	40	АПВБ
Ауалы электр сымдарын орнату	м.п.	370	А3х6
Уақытша су құбырын орнату	-	87	Ø 100
Электр қабылдағыш щит орнату	дана	1	СПУ 60.10
Прожектор орнату	дана	11	ПЗС – 35
Прожекторды жылжыту	дана	2	ПЗС – 25
Электр таратқыш тірулерді орнату	дана	10	Н=9,0м
Өрт гидрантын орнату	дана	1	МЕСТ 8220
Уақытша қоршауды орнату	м.п.	383	т/б плиталар
Ауыз-су фонтанын орнату	дана	1	инвент.

3.6 Күнтізбелік жоспары

Күнтізбелік жоспарлау негізінде жұмыс барысына бақылау жасалады және орындаушылардың жұмыстары үйлестіріліп отырады.

Жұмыс өндірісінің мерзімдік жоспары екі бөлімнен тұрады:

- сол жақтық – есептік
- оң жақтық – кестелік бөлім сызбалы немесе тор көзді болуы мүмкін.
- Мерзімдік жоспардың оң жақ бөлігі жұмыс барысын уақыт бойынша, реттілікті және олардың өзара үйлестірулін нақтылы бейнелейді. Жеке жұмыстарды орындаудың технологиялық талаптарына орай белгіленеді бұл ретте келесі процессті орындау үшін жұмыс майданымен мейлінші аз уақыт ішінде қамтамасыз етілуге тиіс.

- Жұмыстарды орындаудың технологиялық реттілігі нақтылы жобалық шешімдерге технологиялық үзілістерге, жыл мерзіміне құрылыс ауданына және басқа да жағдайларға тәуелді болып келеді.

– Кесте жасауды объекті құралысын салу мерзіміне шешуші дәрежеде әсер ететін жетекші жұмыстан немесе процесстен бастау керек. Құрылыстың мерзімін қысқартудың негізгі әдісі құрылыс-жинақтау жұмыстарын тасқынды-жоспарлы және біріктіріп жүргізу болып табылады.

– Өзара байланысты емес жұмыстар қатар және бір-бірінен тәуелсіз жүргізілуі қажет. Мұнда еңбекті қорғау дәрежелерін қатаң сақтауды қамтамасыз ету керек. Жетекші процесстің ұзақтығын сменаларды және механизмдер санын немесе қолмен атқарылатын жұмыстарды орындаушылар санын арттыру арқылы қысқартуға болады. Қалған процесстер орындалу мерзімі жетекші процесспен байланыстырылады.

– Жұмысшы күші қозғалысының график төменгі жағында орналастырылады. Жалпы объект бойынша жұмысшы кадрларына деген қажеттілік графигін теңестіруге жұмыстардың басталу және аяқталу мерзімін ауыстыпу арқылы қол жеткізіледі. ҚМЖ арналған еңбек шығынының калькуляциясы «3.10-кестеге сәйкес» көрсетілген

– Жұмысшы күші қозғалысының график төменгі жағында орналастырылады. Жалпы объект бойынша жұмысшы кадрларына деген қажеттілік графигін теңестіруге жұмыстардың басталу және аяқталу мерзімін ауыстыпу арқылы қол жеткізіледі. ҚМЖ арналған еңбек шығынының калькуляциясы «3.10-кестеге сәйкес» көрсетілген

4 Құрылыс экономикасы бөлімі

4.1 Объектіге сметалы құжат

Объектіге сметалы құжат, сметалық құжаттарды құру, өңдеу және реттеу туралы инструкцияға сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасы үкіметінің ұлттық валютаға ауысу және көшу туралы нұсқаулар бойынша жасалынады. Сметалық құжаттарды құру кезінде келесі шарттар қабылданады:

Құрылыс ауданы – Алматы қаласы.

Жұмысшылардың жалақы төлеміне аудандық коэффициент;

Орындаушылар үшін жалпы құрлыстың жұмысқа максимальді үстеме шығындар;

Сметалық құжаттың құрамына мөлшерлік еңбек сиымдылығы және сметалық жалақылық төлем бөлінген,

Арнайы құрылыс жұмыстарына үстеме шығындардың құрамы

- а) сантехникалық жұмыстар
- б) электрлі мотаждау жұмыстары
- в) әлсіз тоқты қондырғылар.

Кесте 4.1 -Техника-экономикалық көрсеткіштер

Атаулары	Өлшем бірлігі	Саны	Есептің нұсқасы
Объектінің сметалық құны	мың. теңге	506361.68	Құрылыс құнының сметалық есебінен
Соның ішінде жалпы құрылыс жұмыстарының	мың. теңге	438734.53	Құрылыс құнының сметалық есебінен
Ғимараттың 1м ³ құны	теңге	2403,46	п. 1
Соның ішінде жалпы құрылыс жұмыстары бойынша	теңге	18332	п. 9

Нормативті еңбексыйымдылығы	мың адам-сағат	29,73	Объектілік сметадан
Сметалық еңбек ақы	мың теңге	5312,13	Объектілік сметадан
1 адам-күн өнімділігі: жалпы құрылыс жұмыстары бойынша	теңге	23463,7	Жалпы құрылыс жұмыстарының құнын адам-күнге
Ғимараттың құрылыс көлемі	м ³	4633,2	Жоба бойынша

5 Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі

5.1 Еңбекті қорғау

Еңбекті қорғау жөніндегі заңдастырылған актілер Қазақстан Республикасының еңбек құқығының ажырамас бөлігін құрайды, оның негізі 30.08.95 жылғы ҚР Конституциясының 24 бабы болып табылады:

1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар.Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда ғана жол беріледі.

2. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

3. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген берілген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

4.Әркімнің тынығуға құқығы бар.Еңбекшарты бойынша жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі.

Еңбек қорғау ережлерін бұзуғаны үшін ҚР 30.01.01 № 155-II Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 89 бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылады.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен еңбекті қорғау ережлерін бұзу 89-бапта қаралады.

942-бап Зиянды өтеу мөлшерін өзгерту 4-тармағында Зиян келтірген азаматтың талабы бойынша, егер зиянды өтеушінің мүліктік жағдайы зиянды өтеу тағайындалған кездегімен салыстырғанда мүгедектігіне не зейнет жасына толуына байланысты нашарласа, сот зиянды өтеу мөлшерін төмендетуі мүмкін (осы Кодекстің 935-бабының 5-тармағы).

5.2 Қауіпсіз еңбек қызметтерін қамтамасыз ету бойынша шаралар

Көлік жұмыстарына техника қауіпсіздігі

Көлік және жүк көтергіш машиналармен жұмыс істейтін тұлғаларда басқару куәлігі болуы тиіс.

Құрылыс материалдарын, конструкцияларды және тағы басқа заттарды тиеп, түсіретін орындарда түнгі мезгілде жақсы жарықтандырылуы тиіс. Жұмысты басқаратын жетекші машиналардың техникалық жағдайын және құрал-саймандарды, жүктің көлікке дұрыс тиелгенін қатал бақылап отыруы міндетті. Тозаңдатқыш материалдар мен жұмыс істегенде (цемент, әк) арнайы киімдер және қорғаныш көзелдірігі болуы тиіс. Автосамосвалдар мен жүк көтергіш машиналармен адамдарды көшіруге рұқсат етілмеген.

Жер қазу жұмыстары жер астындағы коммуникациялар жоқтығы анықталғаннан кейін ғана бастауға болады. Ал егер жер астындағы коммуникациялар бар болса тиісті мекемелерден рұқсат алғаннан кейін жер қазу жұмыстары басталады. Әсіресе электр желісі бар жерлерде және жоғары тірек құбырларының маңында жұмыс істеу ерекше қауіпті жерлер.

